

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

"Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" ММ "Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1 және 5-тармақтарына, "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес "Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" ММ "Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" КММ-де (бұдан әрі - Орталық) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау жүргізу негізі:

Орталық басшысының 2025 жылғы 10 шілдедегі № 25-Ө бұйрығы.

Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2025 жылғы 11 шілдеден 11 тамызға дейін.
Ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Ішкі бақылау жүргізу кезінде пайдаланылды:

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі - әдістемелік ұсынымдар);

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы

№ 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары.

Жұмыс тобының төрағасы:

Басшының орынбасары

Сарбаева Э.

Жұмыс тобының мүшелері:

Бас бухгалтер

Дюсебаева Д.

Әдіскер-үйлестіруші

Оспанова Г.А.

Шаруашылық меңгерушісі

Мухамадалинов Е.Т.

Кадр жөніндегі инспектор

Медиева А.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыс.

"Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" КММ қызметі зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға денсаулықты қолдау, қолайлы орта құру, қоғамдық өмірге тарту бойынша көмек көрсетуге бағытталған.

Қызметкерлерді 2025 жылғы 10 шілдеде ішкі талдау өткізу туралы таныстыру мақсатында Орталықта семинар өткізілді, онда қызметкерлер Орталықтың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен танысты. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР Заңымен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларымен танысты.

Ішкі талдау өткізу туралы ақпарат орталықтың сайтында орналастырылған: cad-taldykorgan.kz.

1. Бағыты бойынша: персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды анықтау.

Ұйымдастыру-басқару қызметі.

"Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" КММ штат саны 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша - 36 бірлікті құрайды;

- нақты саны-33 бірлік;

- бос орын-3 бірлік.

2024 жылғы 1 шілдеден бастап 2025 жылғы 1 шілдеге дейін ауысымдылық-24 бірлікті құрады.

Еңбек шарттарын бұзу Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49-бабының 5) тармағына сәйкес жүргізілді.

Қызметкерлердің өтініші бойынша Қазақстан Республика Еңбек кодексінің 87-бабы 1-тармағы және 139-бабы 10-тармағына сәйкес ақылы еңбек демалысы берілді.

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары - 36.

Қызметкерлерге "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына және Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бұйрықтарына сәйкес сыйақы берілді.

Қызметкерлерге сыйақы беру "Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ҚР органдары қызметкерлеріне сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және олардың лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу қағидаларын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1127 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады, онда қызметкерге сыйақы беру жүргізілмейді:

Тәртіптік жазасы болған жағдайда;

Тиісті органда бір айдан кем жұмыс істеген;

Сынақ мерзімінен өту кезеңінде.

Аталған кезеңде ҚР Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жазалар жоқ және бұзушылықтар анықталған жоқ.

Басшылық пен персоналдың іс-әрекеттерінде ішкі бақылау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Ұсынымдар: Еңбек тәртібін сақтау бойынша бақылауды назарға алу және күшейту, сондай-ақ Еңбек кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген нормаларды басшылыққа алу.

2. Бағыт бойынша: мүдделер қақтығысын реттеуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Мүдделер қақтығысын болдырмау үшін қызметкерлер Әдеп ережелерімен танысты, 16.08.2024 ж., 10.04.2025 ж. жиналыс өткізілді.

Ішкі бақылау жүргізу барысында көрсетілген кезеңде мүдделер қақтығысына байланысты фактілер анықталған жоқ.

3. Бағыт бойынша: Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Көрсетілетін қызметті алушыларға қатысты көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасы туралы пікір алу мақсатында орталық қызметкерлеріне, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында 2025 жылғы сәуірде көрсетілетін қызметті алушыларға сауалнама жүргізілді: жалпы қамтылуы 150 адам.

Бұл сауалнама көрсетілетін қызметті алушылардың орталықта өткізілетін іс-шараларға және мамандармен өзара қарым-қатынастарға қатынасын анықтауға мүмкіндік берді.

Респонденттердің көпшілігі (100%) орталықта олардың қажеттіліктерін ескере отырып, зейнеткерлердің шығармашылық әлеуетін, қабілеттерін іске асыру үшін жағдай жасалған деп санайды.

Сұраққа: - көрсетілген әлеуметтік қызмет үшін сізден қандай да бір материалдық сыйақы сұралған жағдайлар болды ма? - Барлығы 100% теріс жауап берді.

Сіз орталықтың мамандары, қызметкерлері тарапынан дөрекі қарым-қатынас, бопсалау фактілеріне тап болдыңыз ба? - Барлығы мұндай жағдайлар болған жоқ деп жауап берді.

"Орталықта өткізілетін іс-шаралар ұнай ма?" - барлығы (100%) ұнады деп жауап берді. Ұсыныс ретінде тігін машиналары, актерлік өнерге арналған жеке кабинет ұсынылды.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 100% - ы көрсетілетін қызметті алушылардың физикалық және эмоционалдық жағдайына оң әсер ететін көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттанады.

Талдау жүргізу кезінде әлеуметтік және сауықтыру қызметтерін, консультациялық және басқа да іс-шараларды ұйымдастырудың арқасында белсенді ұзақ өмір сүру орталығында қызмет алушылардың жеке даму көрсеткіштері өскені, көптеген зейнеткерлердің денсаулығы мен әл-ауқатының жақсарғаны анықталды.

Қорытындылар көрсетілетін қызметті алушылармен жүргізілген сауалнамамен расталады.

Шағымдар мен ұсыныстар кітабы бар, онда көрсетілетін қызметті алушылар мамандар мен тілектер туралы өз пікірлерін қалдырады, ал ішкі бақылау жүргізу кезінде шағымдар жоқ.

Ұсыныстар: кері байланыс үшін бұл сауалнаманы келесі жылдың басында жүргізген жөн.

4. Бағыты бойынша: рұқсат беру функцияларын іске асыру

Орталықтың рұқсат беру функциялары қарастырылмаған.

5. Бағыты бойынша: бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;

Орталық бақылау-тексеру функцияларын көздемейді.

6. Бағыты бойынша: бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2025 жылға жалпы сомасы 206 133 мың теңгеге бюджет қаражаты бөлінді, оның ішінде: республикалық бюджеттен 896 мың теңге, жергілікті бюджеттен 205 237 мың теңге.

Талданып отырған кезеңде нақты игеру 99 448,044 мың теңге. 2025 жылғы 01 қаңтардан 1 шілдеге дейін көрсетілген кезең үшін жалақы және салық аудару бойынша кредиторлық берешек жоқ.

Талданатын кезеңде Орталық бойынша жалпы шығын мақсаты бойынша пайдаланылды.

Ұсынымдар: ҚР НҚА - дағы, сондай-ақ ҚЕХС-дағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Орталықты есепке алу мен салық салуды өзектендіру бойынша жұмысты жалғастыру-бухгалтерлік есепте барлық қаржылық операцияларды дұрыс көрсету және барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді толық және дұрыс көрсету үшін операцияларды дұрыс көрсетпеу тәуекелдерін болдырмау.

7. Бағыт бойынша: жеке және заңды тұлғалармен Шарт жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
Мемлекеттік сатып алу.

Орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталында жүзеге асырылады. 2024 жылғы 1 шілдеден 2025 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде мынадай мемлекеттік сатып алулар өткізілді:

мерзімі	сатып алу тәсілі	Саны (бірлік)
01.07.2024 ж. бастап 01.07.2025 ж.	тікелей шарт жасасу жолымен	10
	Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден	32
	Баға ұсыныстарын сұрау	151
	Электрондық дүкен	0
	Ашық конкурс	0
Барлығы		183

Сот актілері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде:

2024 жылы 17 қазанда мемлекеттік сатып алу порталында "Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" КММ мен "Тілеуов" ЖК арасында ҚҚС-сыз жалпы сомасы 677 000 теңгеге металл конструкцияларды (бөлімдерді) дайындау және монтаждау жөніндегі жұмысты орындауға №120 шарт жасалды.

Шарттың талаптары бойынша жұмыстың орындалу мерзімі шарт жасалған күннен бастап 25 күнтізбелік күнді құрайды, яғни 2024 жылғы 11 қарашаға дейін. Алайда, өнім беруші мерзімінде шарттық міндеттемелерді орындамады және мекеме оны жосықсыз өнім беруші деп тану туралы талап арыз берді.

2024 жылғы 26 желтоқсанда 3313-24-00-2/2589 ісіне Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Қ.

Батырбаева "Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" КММ талабы бойынша жеке кәсіпкер Тілеуов Базарбай Жақияұлына "Тілеуов" мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп шешім шығарды.

"Тілеуов" жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріп алынсын.

Ұсынымдар: сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайларға жол бермеу.

8. Бағыты бойынша: ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Ақпарат орталықтың сайттында орналастырылған: cad-taldykorgan.kz және Инстаграм: Jetisu_uzak.omir.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI "ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне" сәйкес "Е-Өтініш" порталы арқылы белгіленген тәртіппен қаралады.

9. Бағыты бойынша: өзге де талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

2024 жылы өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі №1 қосымшаға сәйкес анықталды.

Ішкі жүйелік тетіктер мен қызметкерлердің үйлесімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, сондай-ақ функциялардың қайталануын болдырмау үшін процестерді оңтайландыру мақсатында басшылық арасында жүктемені біркелкі бөлу және басшының орынбасары қызметінің айқындау жүзеге асырылады.

Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жасауға ықпал ететін жағдайлардың алдын алу және оларға жол бермеу бойынша ұсынымдар әзірледі.

Жұмыс тобының төрағасы:

Басшының орынбасары



Сарбаева Э.

Жұмыс тобының мүшелері:

Бас бухгалтер



Дюсебаева Д.

Әдіскер-үйлестіруші



Оспанова Г.А.

Шаруашылық менгерушісі



Мухамадалинов Е.Т.

Кадр жөніндегі инспектор



Медиева А.

"Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" КММ қызметінде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы

**"Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" КММ
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерімен расталған лауазымдардың тізбесі**

р/н	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамтитын лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
1	Мекеме басшысы	Мекеменің барлық процестеріне жалпы басшылық	Қаржылық және ұйымдастырушылық сипаттағы басқарушылық шешімдерге әсер ету және қабылдау мүмкіндігі
2	Мекеме басшысының орынбасары	Мекеменің барлық процестеріне жалпы басшылық	Басқарушылық шешімдерге әсер ету және қабылдау мүмкіндігі
3	Бас есепші	Орталықтың бухгалтерлік есебін және қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыруды жүзеге асырады	Қаражатты мақсатсыз пайдалану, бухгалтерлік есепте, сондай-ақ мекеменің салық есептілігінде операцияларды дұрыс көрсетпеу мүмкіндігі
4	Кадр жөніндегі маман	Орталықтың жұмыскерлерін қабылдауды, қайта аралауды және жұмыстан шығаруды рәсімдейді	Орталықтың жұмыскерлерін қабылдауды, қайта аралауды және жұмыстан шығаруды рәсімдейді
5	Мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман	Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстарды ұйымдастырады және өткізеді	Бәсекелестікті шектеу және талап қою жұмысы бойынша шаралар қолданбау мүмкіндігі